Атамекен ауылдық округінің
жергілікті қоғамдастық кеңесі отырысының
№ 1 хаттамасы

Атамекен ауылы **27 қаңтар 2025 жыл.**

Қатысқандар: А.М.Хадымов, А.К.Мусалимова, Р.С. Досмухамбетова, Н.В. Калашников, Р.С. Муханбетов, С.А. Алдымжаров, А.Қ. Қуанышбаева.
Шақырылғандар: Ауылдық округ әкімі – Ф.М.Умбеткалиев. Бас мамандар – З.С.Ибраева, А.Т.Иманкулова.

Күн тәртібі:

1. Жергілікті өзін-өзі басқару қызметі бойынша ауылдық округ әкімімен жүзеге асырылатын түсім және қаражат шығыстары бойынша 2025 жылға жоспарды бекіту.

Ауылдық округ әкімі Ф.М. Умбеткалиев күн тәртібімен қатысқандарды таныстырды, содан кейін жергілікті қоғамдастық кеңесінің мүшелеріне сөз берді.

А.Мусалимова сөз сөйледі: отырыс төрағасы - С. Алдымжаров , хатшысы - А.Қ. Қуанышбаева болып тағайындалсын деп ұсыныс берді.

С. Алдымжаров дауысқа салды:
Қолдағандар – 7 адам
Қалыс қалғандар- жоқ
Карсы болғандар-жоқ

Барлық қатысушылар бірауыздан мақұлдады.

Ф.М.Умбеткалиев сөз алды:

Бәйтерек аудандық мәслихатының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы "Бәйтерек ауданының Атамекен ауылдық округінің 2025-2027 жылдарға арналған бюджеті туралы" №20-3 шешімімен Атамекен ауылдық округінің 2025-2027 жылдарға арналған бюджеті бекітілді, соның ішінде 2025 жылға:

1.Кірістер: 54 349 мың теңге, салықтық түсімдер – 14 267 мың теңге, трансферттер 40 082 мың теңге.

2. Шығыстар: 54 349 мың теңге

Өткен қаржы жылындағы атқарылу қорытындылары бойынша 2024 жылға бюджет қаражатының бос қалдықтары 9 806,0 мың теңгені құрайды, соның ішінде 2024 жылғы қалдықтар 2 065 мың.теңге (Атамекен ауылының 1 662,0 мың теңге және Қайнар ауылының 403,0 мың теңге).

Ауылдық округ әкімі 2025 жылға арналған сомасы 7 741 мың. теңгені құрайды деп айтты. Қаражатты қалай бөлу керектігін талқылауыңызды сұраймын деді.

С. Алдымжаров сөз сөйледі:

Атамекен және Қайнар ауылдарына абаттандыру үшін қаражат бөлуді ұсынамын. Атамекен және Қайнар ауылдарының орталықтарына сахналарды орнатуды ұсынды.

Р.С. Досмухамбетова сөз сөйледі:
Қайнар ауылының орталық саябағын абаттандыру үшін қаражат бөлуді ұсынамын. 2024 жылдан қалған 403,0 мын теңгені Қайнар ауылындағы саябақты абаттандыруға қосуды сұраймын.
Атамекен ауылының 1 662, мың теңгені абаттандыру үшін ұсынамын. Мен қаражатты тең бөлуді қолдаймын.
А.М. Хадымов сөз сөйледі: Қайнар ауылындағы саябақты абаттандыру үшін 4 274,0 мың теңге. Атамекен ауылына абаттандыру үшін 5 532,0 мың теңге 8 дана бейнебақылау, орталықты қоршау қажет, көше бойындағы бағаналарына жарық диодты шамдар қондыру және орталыққа сахна орнату керектігін айтты.
А. Мусалимова сөз сөйледі: Атамекен ауылындағы Гавриловка өзенінің мәселесін шешу. Гавриловка өзенінің рәсімдейтін құжаттарын қалпына келтіру үшін қаражат бөлу және Қайнар ауылының су құбырының құжаттарын рәсімдеуді ұсынды.
А.Қ. Қуанышбаева сөз сөйледі: А.Хадымовтың ұсынысына қарсы емеспін деп айтты.
А.М. Хадымов сөз сөйледі – Жергілікті өзін-өзі басқару қызметі бойынша ауылдық округ әкімімен жүзеге асырылатын түсім және шығын қаражаттары бойынша 2025 жылға жоспарды бірауыздан бекітуді ұсынып,
А.Қ. Қуанышбаева дауысқа саламын деп айтты:
Қолдағандар – 7 адам
Қалыс қалғандар- жоқ
Карсы болғандар-жоқ
Барлық қатысушылар бірауыздан мақұлдады.
Отырыс соңында (жергілікті қоғамдастық кеңесінің төрағасы) маңызды мәселелерді қарастырып жергілікті қоғамдастық кеңес жиындарында мүмкіндігінше шешуге ұсыныс берді.
Айта кетсек жергілікті қоғамдастық кеңесінің шешімімен бюджет қаражаты елді мекендерді көркейту, абаттандыру мақсатында төмендегідей бағытқа жұмсалатын болады:

1) 5 532,0 мың теңгесіне Атамекен ауылына көше бойындағы бағаналарына жарық диодты шамдар орнатуға, 8 дана бейнебақылау, орталықты қоршау қажет, Гавриловка өзенінің рәсімдейтін құжаттарын қалпына келтіру үшін қаражат бөлу және орталыққа сахна орнатуға жұмсалады.

2) 4 274,0 мың теңге қаржатқа жергілікті қоғадастық мүшелерінің ұсынысы бойынша Қайнар ауылына абаттандыруға тратуар салу, су құбырының құжаттарын рәсімдеу және орталыққа сахна орнату жоспарланды.

Хаттамалық шешім:

1. Жергілікті өзін-өзі басқару қызметі бойынша ауылдық округ әкімімен жүзеге асырылатын түсім және қаражат шығыстары бойынша 2025 жылға жоспары бекітілсін. Атамекен ауылына 5 532,0 мың теңге, Қайнар ауылына 4 274,0 мың теңге қаражат бөлінсін.

Төрағасы: **С. Алдымжаров**
Хатшысы: **А. Қуанышбаева**